

Аудиторлық есеп

Үшарал қаласы

09.08.2019 жыл

1.Ішкі мемлекеттік аудит объектісінің атауы:

«Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі (алдағы оқылымда «Коммуналдық шаруашылығы») Алматы облысы Әділет департаментінің Талдықорған қалалық басқармасынан 28.01.2009 жылы қайта тіркеуден өтіп, бизнес сәйкестендіру нөмері 050440006071 саны берілген.

Есеп айырысу операциялары Алматы облысының қазынашылық Департаменті арқылы жүргізіліп, БИК-ККМФКЗК2А, ЖСН-KZ93070102KSN0901000 есеп шоты арқылы жүргізіледі.

Мекеменің орналасқан жері: Алматы облысы, Алакөл ауданы, Үшарал қаласы, Жеңіс көшесі, 148 үй телефоны 8(72833)2-36-91, 2-36-67

2.Ішкі мемлекеттік аудит түрі: Сәйкестікке.

3.Аудит түрі:

4.Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізуге тапсырма: ҚР Қаржы Министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитетінің 2019 жылдың 04 маусымындағы №КВГА-8/13951 хаты және Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департамент басшысы тағайындаған 2019 жылдың 07 тамызындағы аудиторлық іс-шара жүргізудің №314 тапсырмасы.

5.Ішкі мемлекеттік аудит жүргізілді: Алматы облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит Департаменті №2 сәйкестік аудиті бөлімінің бас маман мемлекеттік аудиторы Т.Абишев жүргізді.

6.Ішкі мемлекеттік аудиттің мақсаты, нысанасы: «Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары» туралы №3064251-1 хабарландыруға байланысты өткізілген электрондық конкурстың мемлекеттік сатып алу заңына сәйкес жүргізілуіне аудиторлық іс-шара (тексеру) жүргізу.

7.Ішкі мемлекеттік аудитпен қамтылған кезең: 2019 жылдың 01 қаңтарынан 2019 жылдың 30 маусымын қоса алған мерзімі қамтылды.

8.Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізу мерзімі: 2019 жылдың 06 шілдесінде басталып, 2019 жылдың 08 тамызында аяқталды.

9.Ішкі аудит объектісінің лауазымды адамдары: «Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» ММ-інің басшысы, бірінші қол иесі Аханов Дастан Жарылқасынұлы 10.05.2017 жылдан қызметте (ЖСН770301302041), екінші қол иесі мекеменің бас маман бас бухгалтері Меделханова К.С. (59038401089) 04.09.2015 жылдан қызметте.

10.Алдыңғы ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:



«Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары» туралы №3064251-1 хабарландыруы және №23146843-ОК-1 лоты бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит Комитеті тарапынан 04.04.2019 жылғы №710000000-4-6/-57012 камералдық бақылау нәтижесінде анықталған бұзушылықтарды түзету туралы ескерту жіберілген.

08.04.2019 жылғы №42 «Алакөл ауданы Жыланды ауылының су жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және салуға берілген конкурстың қорытындысын қайта қарастыру туралы бұйрық шығарылған. Комитеттің тиісті жауап берілген.

11. Жүргізілген ішкі мемлекеттік аудиттің нәтижелері туралы мәліметтер:

1. Тексерілетін электрондық конкурсты веб-порталда орналастырылған мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарында көрсетілуі. Осы сатып алуды өткізу тәсілін таңдаудың заңдылығы:

"Алакөл аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі басшысының 2019 жылғы 04 қаңтардағы № 1-н бұйрығымен бекітілген мемлекеттік сатып алудың жылдық Жоспары бекітілген және мемлекеттік сатып алу веб-порталында орналастырылған, оған сәйкес «Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары» бағдарламасы бойынша 260 536,7 мың теңгенің сомасы бөлініп, жоспарында мемлекеттік сатып алудың № 23146843 тармағында көрсетілген.

Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаттарын сақтау мақсатында осы мемлекеттік сатып алуды өткізу үшін ұйымдастырушы "конкурс (ашық конкурс)" тәсілін таңдап алынған.

Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

2. Конкурстық құжаттаманың Мемлекеттік сатып алу туралы заңнама талаптарына, оның ішінде біліктілік талаптары және «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де талаптарды белгілеу бөлігінде сәйкестігі:

Заңның 9-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес әлеуетті өнім берушілерге мынадай біліктілік талаптары қойылған:

- 1) құқықтық қабілеттілікке (заңды тұлғалар үшін), азаматтық әрекетке (жеке тұлғалар үшін) ие болу);
- 2) төлем төлеуге қабілетті болып табылуы, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты еселенген мөлшерінен асатын салық берешегі болмауы;
- 3) банкроттық не тарату рәсіміне жатпауға;

4) мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарына ие болуға;

5) жұмыс тәжірибесінің болуы.

Мекеме белгілеген әлеуетті өнім берушілерге қойылатын біліктілік талаптары мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға қайшы келмейді.

Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

3. Конкурстық комиссиясы тарапынан Заңның 6-бабында көзделген мемлекеттік сатып алуға қатысуды шектеу бөлігінде талаптардың сақталуы

01.02.2019 жылғы №10 бұйрықпен «Алакөл ауданы Жыланды ауылының сумен жабдықтау жүйесін реконструкциялау және салу жұмыстарын жүргізуге конкурстық комиссия құрамы 3 адам, хатшысы 1 адам болып бекітілген.

Аудиторлық іс-шара барысында әлеуетті өнім берушілердің осы конкурсқа қатысуын шектейтін Заңның 6-бабының талаптарын бұзу анықталған жоқ. Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

4. Конкурстық өтінімдерді ашу рәсімін өткізу, алдын ала рұқсат беру мерзімдерін және конкурстық өтінімдерді қайта қабылдау мерзімдерін сақтау, конкурстың қорытындыларын шығару

Конкурстық комиссия тарапынан №3064251-ОК1 «Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары туралы» 27.02.2019 жылы ашу хаттамасы жасалған.

№3064251-ОК1 Алдын ала рұқсат беру хаттамасы жасалған.

№23146843 «Сумен жабдықтау объектілерінің /жүйелерінің/ желілерінің, су өткізу желілерінің құрылысы бойынша жұмыстары» лотына жалпы 258 468 971,42 теңгенің сомасын игеру көзделген.

5. Конкурсқа қатысуға алдын ала рұқсат беру хаттамаларында, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы Нұсқаудың болуы әлеуетті өнім берушінің конкурсқа қатысуға өтінімін қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі сипаттау, оның ішінде оның конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкес еместігін растайтын мәліметтер мен құжаттары

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді мынадай әлеуетті өнім берушілер берген:

1. «Фирма Мега-Сервис», «Алакөл-Асыл-Құрылыс», «Строитель», «АрхСтрой фирмасы», «Асатай» ЖШС-і өтініші өткізіліп, №3064251-ОК1 ашу хаттамасы 4 бағыт бойынша тапсырылған құжаттары зерделенген.

№3064251-ОК1 конкурстың алдын ала рұқсат беру хаттамасымен төмендегі қорытынды нәтижелері шығарылған, атап көрсеткенде:

- «Асатай» ЖШС-і (БСН960340000910) үш комиссия мүшесі біліктілік талабы сәйкес келмегендіктен қайта ұсыну құқығынсыз қабылдауға жатпайтыны туралы шешімге келген;

- «Фирма Мега-Сервис»ЖШС-і(БСН080840013514) үш комиссия мүшесімен бірдей конкурсқа жіберілгені туралы шешімге келген;
- «Строитель»ЖШС-і, (БСН 961240002936) үш комиссия мүшесімен біліктілік талабы сәйкес келмейтіндіктен конкурсқа жіберілмейтіні көрсетілген;
- «АрхСтрой фирмасы»ЖШС-і, (БСН051040006961) үш комиссия мүшесімен біліктілік талабы сәйкес келмейтіндіктен конкурсқа жіберілмейтіні көрсетілген;
- «Алакөл-Асыл-Құрылыс»ЖШС-і, (БСН060240002826) үш комиссия мүшесімен біліктілік талабы сәйкес келмейтіндіктен конкурсқа жіберілмейтіні көрсетілген;

6.Конкурсқа қатысуға жіберілген әлеуетті өнім берушілердің конкурстық өтінімдерінің конкурстық құжаттаманың біліктілік талаптарына сәйкестігін қарау. Конкурстық өтінімдерді қабылдамаудың негізділігі. Алдын ала рұқсат беру хаттамаларында, конкурс тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындылары туралы әлеуетті өнім берушінің өтінімін қабылдамау себептерін егжей-тегжейлі сипаттаудың болуы

№3064251 «Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары туралы» Конкурстық комиссия конкурсқа қатысуға өтінімдерді алдын ала қарау нәтижелері бойынша жасалған хаттамасында «Асатай»ЖШС-і ашық электрондық конкурсқа қатысуға қайта ұсыну құқығынсыз қабылданбайтыны туралы шешім шығарған.

«Мемлекеттік сатып алу туралы»Заңының 27 бабының 4 тармағында «Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптарына сәйкес келтіру құқығы мынадай:

- 1) Осы заңның 6-бабының талаптарын бұзған;
- 2) Біліктілік талаптары мен конкурстық құжаттаманың талаптары бойынша анық емес ақпарат берген;
- 3) Конкурсқа қатысуға арналған өтінімді қамтамасыз етуді енгізбеген не оны мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларында айқындалған мөлшерде енгізбеген әлеуетті өнім берушілерге берілмейтіндігі көрсетілген.

1-тармақ, Конкурстық комиссия тарапынан Заңның 27 бабының 4 тармағының талабы ашық конкурсқа қатысуға құжаттарын жіберген «Асатай»ЖШС-іне негізсіз қолданылып, яғни, құжаттарын конкурсқа қайт ұсыну құқығы берілмеген.

Яғни, №3064251 хабарландыруы және №23146843-ОКЗ лот бойынша өткізілген ашық конкурсын ұйымдастырушы Комиссиясы тарапынан Заңның 27 бабы 4 тармағының талабы орындалмағаны белгілі болды.

Сонымен, "Алакөл аудандықтұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мемлекеттік сатып

алуды ұйымдастыру комиссиясы тарапынан №3064251-ОК1 хабарламасы және №23146843 лоты «Алакөл ауданы Жыланды ауылының ауыз сумен жабдықтау жүйесін қайта жаңғырту және құрылысын салу жұмыстары туралы» мемлекеттік сатып алу жұмыстарын ұйымдастыру барысында, яғни, №3064251 алады ала рұқсат беру хаттамасымен «Асатай» ЖШС-іне мемлекеттік сатып алудың конкурсқа қатысу құжаттарын қайта ұсыну құқығы берілмеген.

Сондықтан, ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабы, 7 тармағында «Әлеуетті өнім берушіні және (немесе) ол тартатын, жұмыстардың не көрсетілетін қызметтердің қосалқы мердігерлерін (бірлесіп орындаушыларын) Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасында көзделмеген негіздер бойынша біліктілік талаптарына және (немесе) конкурстық құжаттаманың (аукциондық құжаттаманың) талаптарына сәйкес келмейді деп тануына байланысты, Конкурс комиссия мүшелерінің әрқайсысына бір жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

7. Ережеде көзделген өлшемдерге сәйкес шартты жеңілдіктер мөлшерін есептеудің дұрыстығы

Заңының 21 бабы, 2-тармағы, 7- тармақшасына сәйкес конкурстық құжаттама құрамында бағадан басқа критерийлер, солардың негізінде конкурс жеңімпазы, оның ішінде әрқайсысының салыстырмалы мәні және осындай өлшемдер мен шартты бағаны есептеу, соның негізінде Ұйымдастырушы тарапынан конкурстық баға ұсыныстары мен осы электрондық конкурс қолданылған шартты жеңілдіктер тиісті өлшемдер бойынша жүргізілген. Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

8. Банктік кепілдіктерді тіркеу журналының болуы

Бірыңғай ұйымдастырушы конкурсқа қатысуға осындай қамтамасыз етуді алу фактісін банктік кепілдіктерді тіркеу журналында тіркеген.

Банктік кепілдіктерді тіркеу журналының парақтары нөмірленген және конкурстық комиссияның хатшысы қол қойылып, бірыңғай ұйымдастырушы мөрімен бекітілген.

Бағдарлама мәселесі тексерілді, бұзушылықтар анықталған жоқ.

9. Мемлекеттік сатып алу туралы шартты жасасу мерзімдерін сақтау (қазіргі жағдайы)

Электрондық сатып алудың қорытынды хаттамасына сәйкес ең төмен баға ұсыныған "Алакөл-Асыл-Құрылыс" ЖШС-і жеңімпаз болып танылған.

"Алакөл ауданының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі" мемлекеттік мекемесі мен "Алакөл-Асыл-Құрылыс" ЖШС-і арасында 2019 жылдың 10 сәуірінде 260 536 723,19 теңгенің сомасын игеруге №20 келісім-шарты, екі жылға жасалған (№050440006071/190020/00 веб-порталында).

2019 жылдың 30 маусымына "Алакөл-Асыл-Құрылыс" ЖШС-і тарапынан құны 129311,0 мың теңгенің сомасына жұмыстың орындалғаны туралы актілері тапсырылған.


12.Ішкі мемлекеттік аудитті жүргізудегі кедергілер: Кедергі келтіру фактілері орын алған жоқ.


13.Ішкі мемлекеттік аудит барысында қолданылған шаралар: ҚР Кодексі 2014 жылғы 5 шілдедегі № 235-V «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 207 бабы, 7 тармағының талабы бұзылғандықтан Комиссия төрағасы мен оның 2 мүшесіне әкімшілік шара көру туралы хаттама толтырылды.


Қосымша: _____ парақта.

1. №3064251-1 хабарландыруға байланысты өткізілген электрондық конкурсы өткізуге жинақталған құжаттар және аудитке қажетті құжаттар;
- 2 Мекеме ережесі және басқа тіркеу құжаттары;

«Алматы облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит Департаменті» ММ-інің бас маман мемлекеттік аудиторы  Абишев Т.А.

«Алакөл аудандық тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі басшысы  Аханов Д.Ж.

 Аханов Д.Ж.
Мекеме басшысының аты-жөні

 09.08.2019м.
қолы, танысу мерзімі